

М.А. Омарова^{1*}, Е. Бақытжанұлы¹

¹ Абылай хан атындағы ҚазХҚжӘТУ, Алматы қ., Қазақстан

ҚЫТАЙ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДИПЛОМАТИЯСЫНЫҢ ДАМУ КЕЗЕҢДЕРІ МЕН ОЛАРДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа

Экономикалық дипломатия – халықаралық қатынастардың өте көне құбылысы. Қытайда Көктем мен күз және Соғысушы мемлекеттер кезеңінің өзінде-ақ түрлі вассалдар бір-бірімен алым-салық, сый-сияпат түрінде байланыста болды, сөйтіп, шын мәнінде экономикалық дипломатияның тәжірибесін бастап берді. Жаңа тарихта Батыс елдері өнеркәсіптік шикізат іздеу мен нарықтағы үлесін кеңейту мақсатында Қытайдан сауда порттарын ашуды, тарифтерді төмендетуді талап етіп, Қытайды несие беруге мәжбүрлемек болды. Бұл да сипаты бойынша экономикалық дипломатия болып саналады. Қытай реформалар мен ашықтықтан кейін халықаралық экономикалық жүйеге барған сайын тереңірек араласқан сайын, халықаралық экономикалық және дипломатиялық аренада біртіндеп «бастамашыға» айналды. Қытайдың әлемдегі екінші ірі экономикаға айналу үдерісі оның экономикалық дипломатиясын жан-жақты зерттеуге деген құлшынысты арттырды. Қытайдың экономикалық күш-қуаты ғаламдық дамудың әскери, саяси және мәдени салаларынан асып түсіп, бүгінгі таңда Қытай, іс жүзінде, ұлттық қауіпсіздікке, саяси тұрақтылық, әлеуметтік даму және басқа да маңызды стратегиялық мақсаттарға қол жеткізу үшін экономикалық құралдарды тиімді пайдаланып келеді. Сондықтан да Қытай экономикалық дипломатиясын зерттеу маңыздылығынан көрсететін аталмыш мақала оның түрлі сипатта дамуының эволюциялық дамуын саралайды.

Түйін сөздер: Қытай, экономикалық дипломатия, дипломатиялық байланыстар, реформалар мен ашықтық саясаты, Дүниежүзілік сауда ұйымы

Омарова М.А. ^{1*}, Бақытжанұлы Е. ¹

¹ҚазУМОиМЯ им. Абылай хана, г. Алматы, Казахстан

ЭТАПЫ РАЗВИТИЯ КИТАЙСКОЙ ЭКОНОМИЧЕСКОЙ ДИПЛОМАТИИ И ИХ ОСОБЕННОСТИ

Аннотация

Экономическая дипломатия – очень древнее явление международных отношений. Еще в период Весны и осени и во время Воюющих государств различные вассалы вступали в контакт друг с другом в форме налогов, подарков и, таким образом, фактически начали практику экономической дипломатии. В новой истории западные страны в поисках промышленного сырья и увеличения доли рынка требовали от Китая открыть торговые порты, снизить тарифы или пытались заставить Китай предоставлять займы. По сути, это также можно рассматривать как экономическую дипломатию. Поскольку после реформ и открытости Китай стал более активно участвовать в международной экономической системе, он постепенно превратился в «первопроходца» на международной экономической и дипломатической арене. Превращение Китая во вторую по величине экономику мира повысил интерес исследователей к всестороннему изучению экономической дипломатии. Экономическая мощь Китая превосходит военную, политическую и культурную сферы глобального развития, и сегодня Китай эффективно использует экономические инструменты для достижения национальной безопасности, политической стабильности, социального развития и других важных стратегических целей. Поэтому в данной статье, в которой подчеркивается важность изучения экономической дипломатии Китая, анализируется эволюционное развитие ее различных форм.

Ключевые слова: Китай, экономическая дипломатия, дипломатические отношения, политика реформ и открытости, Всемирная торговая организация.

М.А. Omarova^{1*}, Е. Bakytzhanuly¹

¹Kazakh Ablai Khan University of International Relations and World Languages, Almaty, Kazakhstan

DEVELOPMENT STAGES OF CHINESE ECONOMIC DIPLOMACY AND THEIR FEATURES

Abstract

Economic diplomacy is a very ancient phenomenon of international relations. Even during the Spring and Autumn and during the Warring States, various vassals came into contact with each other in the form of taxes, gifts and, thus, actually began the practice of economic diplomacy. In modern history, Western countries, in search of industrial raw materials and increasing market share, demanded that China open trade ports, reduce tariffs, or tried to force China to provide loans. In fact, it can also be seen as economic diplomacy. As China became more actively involved in the international economic system after reforms and openness, it gradually turned into a "pioneer" in the international economic and diplomatic arena. The transformation of China into the second largest economy in the world has increased the interest of researchers in a comprehensive study of economic diplomacy. China's economic power surpasses the military, political and cultural spheres of global development, and today China effectively uses economic instruments to achieve national security, political stability, social development and other important strategic goals. Therefore, this article, which emphasizes the importance of studying China's economic diplomacy, analyzes the evolutionary development of its various forms.

Keywords: China, economic diplomacy, diplomatic relations, reform and openness policy, World Trade Organization.

Кіріспе

XXI ғасырдың келуімен қытай экономикалық дипломатиясы жаңа деңгейге көтерілді, себебі Қытайдың экономикалық әлеуетінің артуы, әлемдік шаруашылық байланыстарда алатын көшбасшылық рөлі экономикалық дипломатия тетіктерін одан сайын күшейту мен оның ықпал ету аясын кеңейту қажеттілігін тудырды.

Қытай Халық Республикасы құрылғаннан кейін ұзақ уақыт бойы өзін-өзі қамтамасыз ету және мемлекеттік жоспарлы экономикалық даму үлгісіне байланысты Қытай халықаралық экономикалық қызметке сирек қатысты, сонымен бірге зұлым халықаралық саяси ортамен шектелді. Осы уақыт аралығында Қытайдың өте шектеулі экономикалық дипломатиясы негізінен Кеңес Одағы мен Шығыс Еуропаның социалистік елдерімен экономикалық өзара көмек қатынасын орнату болды. Сонымен бірге олар Азиядағы және Африкадағы дамушы елдерге экономикалық көмек көрсету арқылы олардың саяси қолдауына ие болды, бірақ сайып келгенде, ұлттық құзырынан асып кеткен шетелдік көмекті қолдау қиынға соғатыны белгілі болды.

Зерттеу әдістері

Мақала экономикалық даму кезеңдерін сипаттауға бағытталған, сондықтан әрбір кезеңнің ерекшеліктерін ашуда жүйелілік қағидатына сүйендік. Соған байланысты тақырыпты ашудағы әдістанаманың негізі жүйелі және кешенді талдауға негізделді. Берілген мақалада ғылыми зерттеудің жиі қолданылатын және тиімді болып есептелетін жүйелеу, талдау, тарихи-салыстырмалы әдістері пайдаланылды. Ұсынылып отырған тақырыптың бүгінгі таңда өзекті болып тұрғанына орай оны зерттеумен айналысатын ғалымдардың ғылыми тұжырымдамалары басшылыққа алынды. Ресейлік және қытайлық ғалымдардың теориялық-әдіснамалық ғылыми зерттеулеріне сүйене отырып қытай экономикалық дипломатиясының даму кезеңдері мен ерекшеліктері сарапқа салынды. Шетелдік зерттеушілердің ғылыми тұжырымдары негізінде Қытай экономикалық дипломатиясының даму ерекшеліктері мен кезеңдік сипаттарын қарастыруда объективтілік принципін де тиімді пайдалануға қол жеткізілгенін айту керек.

Нәтижелер мен талқылау

Қытай экономикалық дипломатиясын зерттеушілер оның сапалық, мазмұндық жағынан кезеңдерге бөліп қарастырады. Себебі Қытайдың экономикалық даму әдістері елдің түрлі қалыптасқан саяси-экономикалық жағдайларымен шарттасқан болатын. Атап айтар болсақ, ресейлік зерттеушілер қытай экономикалық дипломатиясы дамуын 2 кезеңге бөледі.

Бірінші кезең 1949-1978 жылдарды қамтиды. Осы кезеңде үкімет ҚХР-ды әлемнің басқа мемлекеттерімен тануға, олармен дипломатиялық қарым-қатынас орнатуға ұмтылады. Алғашқы жылдардағы негізгі бағыт КСРО болды. Экономикалық дипломатияның алдында екіжақты сауданы кеңейту, екіжақты экономикалық және ғылыми-техникалық ынтымақтастықты нығайту, кеңестік тараптан экономикалық және техникалық көмек алу міндеттері тұрды. Бұл ретте Қытай әлемнің басқа елдерімен, ең алдымен Азия елдерімен сауда-экономикалық байланыстарды дамытуға, оларға барлық мүмкін болатын экономикалық және техникалық көмек көрсетуге ұмтылады. Шекара периметрі бойынша бейбітшілікті сақтау және ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында көршілес мемлекеттермен қарым-қатынасқа ерекше назар аударылады. Тайваньның халықаралық позициясының нығаюына қарсы әрекет жасалады. Осы кезеңдегі АҚШ-пен және Батыс Еуропа елдерімен қарым-қатынастар күрделі және қарама-қайшылықты сипатта болды [1]. Бір жағынан дамыған капиталистік елдер жаңа коммунистік Қытайға белсенді түрде қарсылық көрсетті: бұрынғы концессиялардың активтері Гонконг арқылы материктен шығарылды, Қытаймен саудаға эмбарго енгізілді. Екінші жағынан, кейбір Батыс Еуропа елдерінде (мысалы, Франция мен Ұлыбританияда) сауда мүдделері күшіне еніп, эмбарго біржақты алынып, Қытайға бизнес өкілдері жіберіледі. Осылайша, экономика сыртқы саяси қарқынын айқындай бастайды [2].

Зерттеушілер Қытай экономикалық дипломатиясы дамуының екінші кезеңін 1978 жылдың желтоқсанынан бастап, ҚКП ОК-нің 3-ші пленарлық мәжілісінде «шаруашылық құрылыс» партия мен үкіметтің басты міндеті деп жарияланған кезден бастап есептейді. Дәл осы сәттен бастап Қытайда экономикалық дипломатия сыртқы экономикалық саясаттың ең маңызды құралы ретінде қарастырыла бастайды және жалпы дипломатиялық тәжірибеде барған сайын көрнекті рөл атқара бастайды [3].

Жаңаша саясат нәтижесінде жүзеге аса бастаған Қытай экономикалық дипломатиясы өзінің дамуында ерекше кезеңдерді басынан өткерді. Осы тақырыпты зерттеген қытайлық ғалымдар қытай дипломатиясының мазмұндық даму сипатын аша отырып, оларды кезеңдерге бөледі. Мысалы Қытай зерттеушілері Ли Вэй мен Сун И қытай экономикалық дипломатиясының мазмұны мен мәнін аша отырып, оның дамуын 4 эволюциялық фазаға бөледі: «1970 жылдардан кейін Қытайдың халықаралық ахуалында жылымық пайда болды. Қытай Біріккен Ұлттар Ұйымындағы заңды орнын қалпына келтіріп, Қытай мен АҚШ дипломатиялық байланыстар орнатып, Қытай-Жапония дипломатиялық қарым-қатынастарын қалыпқа келтірген кезде Қытайдың экономикалық дипломатиясы дамудың жаңа мүмкіндіктеріне ие болды. Әсіресе, 1978 жылы ХІ-шақырылған Орталық Комитеттің үшінші пленарлық отырысынан кейін Қытайдың кең ауқымды экономикалық дипломатиясы реформалар мен ашықтықпен қатар жүріп, эволюциялық дамудың шамамен төрт кезеңінен өтті, атап айтқанда, олар – байланыстық экономикалық дипломатия, интеграциялық экономикалық дипломатия, бірлескен экономикалық дипломатия және жетекші экономикалық дипломатия» [4]. Осы аталған 4 эволюциялық фазаға жеке-жеке тоқталсақ:

1. Байланыстық экономикалық дипломатия

1970 және 1980 жылдары Қытай үкіметінің экономикалық дипломатиясы экономикалық оқшаулануды жоюды және әлеммен қайта қауышуды, сол арқылы реформалар мен ашықтық үшін жақсы сыртқы органы қалыптастыруды мақсат етті. Сыртқы әлемге ашылу туралы шешім қабылдаған Қытай үкіметі сыртқы әлемге деген жоғары түсіністік пен ынтымақ-жігерге ие және тексеру үшін әртүрлі "барлаушыларды" жіберді. Олардың ішіндегі ең танымалы – Мемлекеттік кеңестің вице-премьері Гу Му басқарған делегацияның Батыс Еуропаның бес елі – Франция, Швейцария, Бельгия, Дания және Германияға жасаған сапарлары. Бұл Қытайдың сыртқы экономикалық алмасуына тікелей ықпал еткен жаңа Қытай құрылғаннан кейін Батыстың дамыған капиталистік елдеріне бағытталған алғашқы үкіметтік экономикалық делегация еді.

Сонымен бірге Қытай әртүрлі халықаралық экономикалық ұйымдарға қосылуға белсенді түрде ұмтыла бастады. 1980 жылы Қытай Халықаралық Валюта Қорында, Дүниежүзілік банкте және олармен байланысты мекемелерде өз орындарын қалпына келтіріп, Қытай Қаржы дипломатиясының жаңа бетін ашты. 1981 жылдан бастап Қытай Дүниежүзілік банктен несие ала бастады және инфрақұрылым құрылысы мен кадрлар даярлауда біртіндеп ынтымақтасып келеді. 1986 жылы Қытай Азия даму банкінің мүшесі болды. Саудаға келетін болсақ, Қытай 1986 жылдың шілдесінде тарифтер мен сауда туралы Бас келісімді қалпына келтіруге ресми түрде өтініш берді, осылайша ДСҰ-ға кіру туралы ұзақ және күрделі қалпына келтіру келіссөздері басталды. Ол кезде Қытай жоғарыда аталған халықаралық экономикалық ұйымдарға белсенді қатыспаса да, осы экономикалық және диплома-

тиялық байланыстардың арқасында Қытай олармен экономикалық байланыстарды жан-жақты нығайтты және бастапқы экономикалық және дипломатиялық персоналды дайындады, осылайша болашақта жоғары деңгейдегі экономикалық дипломатияның негізін қалады.

Қытайдың экономикалық дипломатиясы екіжақты салада да ілгерілеуге қол жеткізді. Белсенді дипломатиялық қызметтің арқасында Америка Құрама Штаттары 1980 жылдары Қытайдағы технологияны бақылауды толығымен әлсіретіп, АҚШ технологияларын Қытайға экспорттау және беру айтарлықтай өсті [5]. 1983 жылы құрылған бірлескен Қытай-Американдық Сауда және өнеркәсіп комиссиясы екі ел экономика мен сауда саласында құрған дипломатиялық диалогтың алғашқы тетіктерінің бірі болды.

Бұл кезең Қытайдағы экономикалық реформаның жаңадан ғана басталғандығымен ерекшеленетін болғандықтан, ол халықаралық экономикалық ойын ережелерімен әлі де таныс емес болатын, сондай-ақ оның жалпы экономикалық күші де шектеулі еді. Бұл кезеңде Қытайдың экономикалық дипломатиясы негізінен халықаралық экономикамен байланыс үшін көпір салу және алдын-ала сипаттамаларды көрсететін халықаралық экономикалық жүйенің негізгі ережелерін біртіндеп түсінуге бағытталды десе болады.

2. Интеграциялық экономикалық дипломатия

1990-шы жылдардан бастап Қытай сол кездегі халықаралық экономикалық жүйеге интеграциялануға барынша берік және белсенді түрде ұмтыла бастады. Оның шаруашылық қызметінде ол халықаралық өндірісті бөлу жүйесіне қосылудан, ал дипломатияда халықаралық экономикалық ережелерді зерттеу мен оларға кірігуден көрініс тапты.

Осы кезеңде Қытай «1989 жылғы толқуларға» байланысты халықаралық экономикалық санкцияларға тап болды, алайда Қытай оны жеңу үшін әртүрлі стратегияларды қолданып, экономикалық ынтымақтастықты алдаусыратушы жем ретінде пайдаланып, алдымен Жапониямен қарым-қатынасты жақсартуға, содан кейін Батыс елдерімен алмасуды күшейтуге тырысты. Еуропалық қоғамдастық және Канада, одан соң Америка Құрама Штаттарымен қарым-қатынастар жақсарды. Бұл үдерісте жемісті экономикалық дипломатия таптырмас болды [6].

Бұл кезеңде Қытайдың аймақтық халықаралық экономикалық жүйеге қосылуы да жеделдеді. Біріншіден, Қытай 1991 жылы Азия-Тынық мұхиты экономикалық ынтымақтастығына (АТЭС) қосылуға шақырылды және 1993 жылы бірінші саммитке қатысты. Содан бері АТЭС шеңберіндегі экономикалық ынтымақтастықтың әртүрлі деңгейлері ашылды. Қытайдың Азия-Тынық мұхиты аймағында экономикалық дипломатияны жүзеге асыруы үшін АТЭС те маңызды платформаға айналды. Екіншіден, 1997 жылы экономикалық жаһандану жағдайында және қаржылық дағдарыстан кейінгі дәуірде АСЕАН-Қытай, Жапония және Оңтүстік Корея («10+3») ынтымақтастық механизмдері пайда болды. Қытай тек диалогтық тетіктерге белсенді түрде қатысып қана қойған жоқ, сонымен қатар барлық деңгейлердегі механизмнің дамуына белсенді түрде ықпал етті.

Жаһандық деңгейде Қытай экономикалық дипломатиясының негізгі шаралары Тарифтер мен сауда туралы Бас келісімдегі мәртебесін қайта қалпына келтіру және ДСҰ-ға кіру бойынша ұзаққа созылған дипломатиялық келіссөздер болып табылады, олардың ең маңыздысы Қытай мен Америка Құрама Штаттары арасындағы екіжақты экономикалық келіссөздер болып табылады. Дәл осы үдерісте Қытай атақты экономикалық дипломаты Ву И пайда болды. Ақырында, Қытай ресми түрде ДСҰ-ға 2001 жылдың қарашасында кіріп, Қытайдың экономикалық дипломатиясының жаңа дәуірін бастады. Бұл кезеңде Қытайдың экономикалық дипломатиясы күшті оқу ерекшеліктерін көрсетті, яғни халықаралық экономикалық жүйеге толық ену үшін ойын ережелерін кішіпейілділікпен үйренуді жалғастырды.

3. Бірлескен экономикалық дипломатия

Қытайдың Дүниежүзілік сауда ұйымына кіруімен ерекшеленетін 21 ғасырдың бірінші онжылдығында Қытай халықаралық экономикалық жүйенің тұрақты мүшесі және халықаралық экономикалық дипломатия аренасының тең құқылы қатысушысы бола бастады. Сонымен қатар халықаралық экономикалық тәртіп пен тетіктер құрылысына қатысып, Қытайдың экономикалық дипломатиясы жалпы дипломатиялық жүйедегі мәртебесі өсті. Бір жағынан, Қытай халықаралық экономикалық ойын ережелерімен жақсы таныс болған сайын, Қытайдың экономикалық дипломатияны жүзеге асыру қабілеті одан сайын арта түсті. Екінші жағынан, Қытайдың экономикалық қуаты артқан сайын, дүние жүзіндегі елдер Қытайдың экономикалық дипломатиясының нәтижесін асыға күтуде. Осы он жылға жуық уақыт ішінде Қытайдың экономикалық дипломатиясы жемісті болды.

Біріншіден, Қытай жаһандық экономиканы басқаруды ілгерілетуге белсенді түрде қатысады. Ең ірі дамушы ел ретінде Қытайдың жаһандық экономикалық басқару жүйесіндегі ұстанымы мен көзқарасы жиі назар аудартады. Осы нәзік халықаралық ұстаным Қытайдың ДСҰ-ға кіруінің өтпелі кезеңінде тез бейімделуші мемлекеттен белсенді қатысуға ауысу қажеттігін, халықаралық экономиканы ілгерілету мақсатында әділ және ақылға қонымды жаңа ережелер мен жаңа жүйелер қалыптастыру қажеттігін тудырды. «Доха раунды» келіссөздерінде Қытай көпжақты сауда жүйесінің берік қорғаушысы және орындаушысы бейнесін қалыптастырды. Жаһандық қаржылық басқаруда АҚШ-тың қаржылық дағдарысынан кейін Қытай G20 министрлер отырысын саммит отырысы деңгейіне дейін көтеруге белсенді түрде ықпал етіп, онда сындарлы рөл атқарды.

Екіншіден, Қытай аймақтық деңгейде еркін сауда аймақтарын құруға ықпал етіп, сонымен бірге Шығыс Азияда аймақтық қаржы тәртібін орнатуға белсенді түрде ықпал етеді. 2000 жылы Қытайдың сол кездегі премьер-министрі Чжу Жунцзи алғаш рет 2010 жылы ресми түрде құрылған Қытай-АСЕАН еркін сауда аймағының тұжырымдамасын ұсынды. Қазіргі уақытта Қытай АСЕАН, Чили, Жаңа Зеландия, Швейцария және басқа елдер мен аймақтармен еркін сауда аймағы туралы 11 келісімге қол қойды. Колумбиядағы және басқа елдердегі еркін сауда аймақтары зерттелуде. Еркін сауда келісімін жасау Қытайдың сауда дипломатиясының маңызды бөлігі болып табылады. Сонымен қатар Қытайдың ашылуының көлемі мен тереңдігін кеңейту, экономикалық ашықтық деңгейін арттыру және экономикалық жаһандану процесіне терең қатысу үшін маңызды шара болды [4].

Аймақтық қаржылық дипломатия тұрғысынан Қытай «10+3» тетігі бойынша «Чианг Май бастамасына» белсенді түрде қатысады. Аймақтық валюталық своп желісін құру туралы бұл келісім аймақтық қаржылық көмек тетігіне айтарлықтай үлес қосты және қазір Шығыс Азияның, тіпті Азия елдерінің қаржы-валюта саласындағы институционалдық ынтымақтастықтың ең маңызды жетістігіне айналды. Бұл сонымен қатар аймақтық ынтымақтастықтан бастап, экономикалық күш-қуаттың артуына және қаржылық басқару тәжірибесінің жинақталуына байланысты Қытайдың бірте-бірте бірлескен экономикалық дипломатиядан асып түсетінін және өз күшіне сәйкес келетін экономикалық көшбасшылықты көбірек көрсете бастағанын байқатады.

4. Жетекші экономикалық дипломатия

2008 жылы АҚШ-тың қаржылық дағдарысынан кейін және Қытай 2010 жылы әлемдегі екінші ірі экономикаға айналғаннан кейін халықаралық экономикалық дипломатияда көшбасшыға айналды. Қаржылық және қарыздық дағдарыстар АҚШ пен Еуропаның дәстүрлі көшбасшылық ұстанымдарын әлсіретіп жіберді. Қытай өзінің орасан зор экономикалық әлеуеті мен жаһандық экономикаға ықпалының арқасында халықаралық экономикалық және дипломатиялық аренада Америка Құрама Штаттары мен Еуропалық Одақпен қатар үздік үш ойыншы ретінде көшбасшылардың біріне айнала бастады. Бұл көшбасшылық рөл негізінен үш өлшемде көрінеді: мәселелердегі көшбасшылық, біліктіліктегі көшбасшылық және ережелердегі көшбасшылық.

Біріншіден, мәселелік көшбасшылық. Бұған дейін Қытайдың халықаралық экономикалық және дипломатиялық аренадағы мәселелерді ұсыну және оны қорғау мүмкіндігі болмады, ол тек Еуропа мен Америка Құрама Штаттарының бастамасымен туындаған сұрақтарға енжар түрде жауап беріп отырды. Ең типтік мысал АҚШ, Жапония және Еуропа бірлесіп бастаған юань бағамы мәселесі, Қытай оны тек пассивті түрде қабылдай алды. Бүгінде Қытай халықаралық экономикалық дипломатия аренасында мәселелер бойынша өз ұсыныстарын айта бастады. Мысалы, 2009 жылы Лондондағы G20 саммиті қарсаңында Қытай Халық банкінің төрағасы Чжоу Сяочуан қазіргі «бірыңғай халықаралық резервтік валютаны» «егемендіктен жоғары халықаралық резервтік валюта» құру арқылы ауыстыруды ұсынды. Одан әрі халықаралық валюта ретінде арнайы қарыз алу құқығының қызметін жетілдіру және халықаралық қаржы жүйесін реформалауға белсенді түрде жәрдемдесу ұсынылды [7]; Қытай АҚШ-пен экономикалық дипломатиясының бір бөлігі ретінде АҚШ-тағы валюталық активтердің қауіпсіздігі мәселесін және инвестициялық протекционизм мәселесін көтерді; Қытай өз дипломатиясында Қытай-Пәкістан экономикалық дәлізі сияқты аймақтық экономикалық ынтымақтастық бастамаларын да ұсынады. Қытай-Үндістан-Мьянма-Бангладеш экономикалық дәлізі; қаржы секторында Қытай БРИКС даму банкі, ШЫҰ Даму банкі және Азия инфрақұрылымдық инвестициялар банкі (Азия инфрақұрылымдық инвестициялар банкі деп аталады) құруды жақтайды [8]. Реформалар мен ынтымақтастыққа қатысты осы аталған бастамалар Қытайдың халықаралық экономикалық дипломатияда көшбасшы ретінде танылуының бастамасы болды.

Екіншіден, талантты көшбасшылық. Көптеген халықаралық экономикалық ұйымдардың әдеттегі немесе тіпті негізгі мүшесі болғаннан кейін Қытай бұл ұйымдарға жоғары білікті кадрларды көбірек

жібереді, осылайша Қытайдың көшбасшылық рөлін нығайтты. Сауда саласында Қытайдың ДСҰ жанындағы бұрынғы Тұрақты өкілі И Сяочжун Қытайдан тағайындалған ДСҰ Бас директорының бірінші орынбасары болды; қаржы саласында қытайлық экономист Лин Ифу Дүниежүзілік банктің жоғары дәрежелі вице-президенті және бас экономисі болып тағайындалды. Бұл маңызды қызметке алғаш рет дамушы елдің өкілі келді, Қытай Халық банкі төрағасының орынбасары Чжу Мин де ХВҚ-ның бірінші қытайлық вице-президенті болды. Бірқатар маңызды халықаралық экономикалық ұйымдарда қытайлық тұлғаның пайда болуы еуропалық және американдық елдердің осы экономикалық ұйымдардағы басшылығының монополиясын бұзды. Сонымен қатар бұл халықаралық қоғамдастықтың Қытайдың халықаралық экономикалық тетіктегі жетекші рөл атқаратынын мойындауы мен үміті болып табылады. Таланттарды жіберу арқылы халықаралық экономиканы басқаруда да қытайлық идеялардың көбірек жүзеге асатыны сөзсіз.

Соңғысы – ережелік көшбасшылық. 1955 жылы Бандунг конференциясында Қытай үкіметі ұсынған «Бейбіт қатар өмір сүрудің бес қағидасы» Қытайдың ережеге негізделген көшбасшылықты жүзеге асырудағы алғашқы әрекеті болды, бірақ ол күшпен шектелді, Қытай ұсынған халықаралық қатынастардың жаңа ережелерін қабылдау қиын болды. Қытай халықаралық ережелерді қалыптастыруда әлі де қолайсыз және әлсіз жағдайда болғанымен, ол белгілі бір салаларда халықаралық ережелерді қалыптастыруда жетекші рөл атқара бастады. Мысалы, Қытайдың қоршаған орта және климат дипломатиясындағы «ортақ, бірақ айырмашылығы бар жауапкершілік» қағидатын әлемнің көптеген елдері мойындады және халықаралық климат келіссөздерінің маңызды қағидатына айналды. Халықаралық климаттық жүйенің «жаңалығы» және климатты басқарудың дамуының «белгісіздігі» Қытайға халықаралық климат жүйесін қайта құруға жақсы мүмкіндік береді. Американдық қаржылық дағдарыстан кейін Қытай қаржылық қадағалауды күшейту қажеттігін атап көрсетті және американдық шектеусіз еркіндік беруге қарсы шықты. Бұл да халықаралық қаржылық басқару саласындағы ортақ идеяға айналды. Әрине, Қытайдың экономикалық дипломатиясында халықаралық норма шығарудың барлық аспектілерінде жетекші рөл атқару үшін әлі де көп жол жүру қажет.

Қысқасы, 30 жылдан астам тәжірибе мен дамудан кейін Қытайдың экономикалық және дипломатиялық мүмкіндіктері мен деңгейлері айтарлықтай жетілдірілді, бұл Қытайдың болашақта белсенді және перспективалы экономикалық және дипломатиялық әрекеттерді жүзеге асыруына берік негіз болды.

Қытай басшыларының Си Цзинпин бастаған бесінші буынының билік басына келгелі бері елдің саяси өмірінде түбегейлі өзгерістер орын алғанын білеміз. Қытай дамуының жаңа кезеңіне аяқ басумен заңнамалық тұрғыда өзгерістерге ұшыраған елдің саяси-экономикалық ахуалы әлем зерттеушілерінің назарын аударды. Жаңа кезеңдегі Қытай экономикалық дипломатиясы алдында қалыптасқан халықаралық жағдай барған сайын күрделене түсуде.

Си Цзинпин 2017 жылдың аяғында дипломатиялық өкілдердің жұмыс конференциясында: «Қытайлық ерекшелігі бар социализм жаңа кезеңге аяқ басты. Жаңа кезеңдегі дипломатиялық жұмысты жақсы атқару үшін партияның 19-съезінің идеяларын терең түсіну керек, бүгінгі кезеңнің бағыты мен халықаралық жалпы жағдайды дұрыс тануымыз қажет. Жаңа ғасырдың келуімен көптеген дамушы нарық елдері мен дамушы елдер қарқынды дами бастады, әлемнің көпполярлығы да жылдам дами бастады, халықаралық үлгі барған сайын теңдестіріліп келеді» – деген болатын [9]. Экономикалық дипломатия қазіргі таңда қытай дипломатиясының маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Сондықтан да Қытай басшысы айтып отырған дипломатия бірінші кезекте экономикалық дипломатияны меңзесе керек.

Қытай басшысының «Даму қауіпсіздіктің негізі, ал қауіпсіздік дамудың шарты» деген сөзі Қытай Халық Республикасы қазіргі дипломатиясының негізі екенін түсіну қиын емес. Қытай басшысы Си Цзинпин елдің сыртқы экономикалық саясатын дамудың амбициялық жаңа кезеңіне аяқ бастырды деп санайтындар көбейіп келеді.

Азия инфрақұрылымдық инвестициялар банкінен бастап, «Бір белдеу, бір жол» бастамасына дейін, Қытай ұсынысымен жаңадан дамуға бет алған қаржы және даму институттары мен іс-қимыл жоспарлары Қытайдың аймақтық және жаһандық экономикалық ықпалының жаңа кезеңіне аяқ басқаны туралы қызу талқылауды тудырды. Алайда Қытайдың аталмыш ауқымды сыртқы экономикалық стратегиясы жаңалық емес және оны алға бастыру үдерісі әрқашан бірқалыпты бола бермейді. Шын мәнінде, бұл стратегияның негізі Қытай ұзақ уақыт бойы жүргізген бейбіт дамудың теориялық жүйесі немесе осы теориялық жүйенің үздіксіз кеңеюі осы стратегияның мақсаты болып табылады, әсіресе Қытай бұл стратегияны дамушы елдерге қатысты жүргізуге тырысады. Жоғарыда аталған

әдістер арқылы Қытай ресурстарға өз бақылауын және аймақтық ықпалын үздіксіз кеңейтіп отыр. Сонымен бірге Қытайдың дамуға бағытталған сыртқы экономикалық саясатының нәтижесінде туындаған күрделі мәселелер мен қиындықтар Қытайға, тіпті әлемнің барлық елдеріне күтпеген тосын сыйлар әкелуі мүмкін.

Қорыта айтқанда, Қытай төрағасы Си Цзиньпиннің басшылығымен енгізілген экономикалық және дипломатиялық стратегияны Қытайдың жаңа саясаты деуге келмейді, керісінше ол билікке келгенге дейін қалыптасқан бейбіт даму мен теориялық жүйе қағидалары бойынша «даму» жоспарын ілгерілету үшін күш-жігерін арттырды. Бұл Си Цзиньпин қазір немесе болашақта бейбіт даму жоспарын түсіндіру немесе мұраға қалдыру кезінде бұрынғы Қытай басшыларының саясатын ұстанатын болады деген сөз емес, бірақ бұл Қытай әлі де болса теориялық негізді берік ұстанатынын білдіреді, бейбіт даму үшін тиімді жағдайды жасауды жалғастырады. Алайда Қытай ішкі және халықаралық ірі сын-қатерлерге жауап ретінде күрделі және қарама-қайшы жауап беру жоспарларына түзетулер енгізді. Сонымен қатар Қытай басшылары халық пен халықаралық қауымдастықтың дамуға жәрдемдесу және тұрақтылықты сақтау қабілетіне деген сенімін қалпына келтіруге тырысты.

Шын мәнінде, Си Цзиньпиннің «экономикалық даму – тұрақтылық, қауіпсіздік және бейбітшіліктің негізі» деген идеясы Қытайдың ішкі және сыртқы саясатының ұзақ мерзімді негізгі элементі болды және Қытай басшылары осы элементті дамытуды жалғастыру үшін күш-жігерді арттыруға тырысуда. Бұл теория Төраға Си Цзиньпин сайланғанға дейін қалыптасып, Қытайдың бейбіт дамуға бағытталған сыртқы саяси стратегиясында бекітілген. Бейбіт дамудың теориялық жүйесін Қытайдың ішкі және сыртқы саясаткерлері әрқашан экономикалық дамуға көмектесетін сиқырлы қол ретінде қарастырды. Батыстың либералдық экономикасынан, саяси жүйесінен және нормаларынан мүлдем басқаша «мемлекеттік капитализмнің» типтік өкілі ретінде Қытайдың бейбіт дамуының теориялық жүйесі шын мәнінде Қытайдың экономикалық тұрақты дамуы халықаралық экономикалық және саяси өзара тәуелділіктің «екіжақты жеңісі» жағдайын талап етеді және оған ықпал етеді деген көзқарас қалыптасты [10].

Қорытынды. Қытай ел ішінде экономикалық даму моделін түбегейлі өзгертуге бағытталған ірі жаңа экономикалық реформаларды бастауға кірісті. Халықаралық деңгейде ХХІ ғасырдың басындағы тауар бумы аяқталды. Дамып келе жатқан нарықтардың өсуі баяулады, тіпті кейбір жағдайларда өсуді кері қайтара бастады. Қытайдың өзіндік экономикалық баяулауы және реформалау жоспарлары Қытайдың ішкі және жаһандық экономикасының баяулауына әкелді. Бүгінгі таңда экономикалық жағдайды тиімді пайдалану Қытайдың дамушы елдермен қарым-қатынасы үшін өте маңызды. Қытай «Бір белдеу – бір жол» бастамасын, Азия инфрақұрылымдық инвестициялар банкі және БРИКС Жаңа даму банкі және басқа да маңызды дамуды ынталандыру жоспарларын белсенді түрде ілгерілетіп жатқандықтан, Қытайдың дүние жүзіндегі дамушы елдермен қарым-қатынасы бұрынғыдан да қиын жоғары тәуекелді сынақтан өтуде. Бірқатар іс-әрекеттер арқылы «өнеркәсіптік қуатты» экспорттауға бағытталған Қытайдың экономикалық және саяси саясатының орындылығы ел ішінде және шетелде өзекті тақырып болып қала бермек.

Пайдаланылған әдебиеттері тізімі:

1 Кривоносова А. А. Основные этапы развития экономической дипломатии Китая // Валютное регулирование. Валютный контроль. – №10. – 2018.- 2018; 10

2 Мардашев А. А. Эффективность, способы и методы китайской экономической дипломатии // Режим доступа: <https://mirec.mgimo.ru/2009/2009-03-04/effektivnost-sposoby-i-metody-kitajskoj-ekonomicheskoy-diplomatii>

3 Цвык А.В. Экономическая дипломатия Китая: основные черты // Региональная экономика и управление: электронный научный журнал. №1 (33). -2013. – Режим доступа к журн: <http://region.mcnip.ru>

4 李巍, 孙忆. 理解中国经济外交// 中国外交. – 2014 年 11 期// access mode: <http://59.57.18.72:6251/Qw/Paper/56898>

5 王勇: 《中美经贸关系》, 北京: 中国市场出版社, 2007年, 第232—234页。

6 刘超杰: 《国际政治中的制裁研究》, 中共中央党校博士学位论文, 2006年, 第134—148页。

7 周小川:《关于改革国际货币体系的思考》, 中国人民银行网站, access mode: http://www.pbc.gov.cn/publish/hanglingdao/2950/2010/20100914193904097315048/20100914193900497315048_.html, 2009年3月23日。

8 参见霍侃、陈立雄:《亚投行渐近》,《新世纪》,2014年第16期, access mode: <http://magazine.caixin.com/2014-04-25/100670577.html>, 2014年4月28日。

9 江瑞平:《世界百年变局与中国经济外交》, access mode: <https://www.chinathinktanks.org.cn/content/detail?id=es8zu586-06.02.2021>

10 陈懋修(Matt Ferchen).《浅析中国的“新经济外交方略”》, access mode: <https://carnegieendowment.org/2016/03/08/zh-pub-63580>

析中References:

1 A. A. Krivosova. *Osnovnye etapy razvitiya ekonomicheskoi diplomatii Kitaya // Valiutnoye regulirovanie. Valiutnyi kontrol`.* – №10. – 2018.- 2018; 10

2 A.A. Mardashev. *Effektivnost` , sposoby i metody kitaiskoi ekonomicheskoi diplomatii // access mode: https://mirec.mgimo.ru/2009/2009-03-04/effektivnost-sposoby-i-metody-kitajskoj-ekonomicheskoi-diplomatii*

3 A.V. Cvyk. *Ekonomicheskaya diplomatiya Kitaya: osnovnyye cherty // Regional'naya ekonomika yi upravleniye:elektronnyi nauchnyi zhurnal. №1 (33). -2013. – Rezhim dostupa k zhurn: access mode: http://region.mcnip.ru*

4 Li Wēi, Sūn Yì. *Lǐjiě zhōngguó jīngjì wàijiāo // zhōngguó wàijiāo. – 2014 nian 11qi // access mode: http://59.57.18.72:6251/Qw/Paper/56898*

5 Wáng Yǒng: “Zhōng měi jīngmào guānxi”, *běijīng: Zhōngguó shìchǎng chūbǎn shè, 2007 nián, dì 232—234 yè.*

6 Liú Chāojié: “Guójì zhèngzhì zhōng de zhìcái yánjiū”, *zhōnggòng zhōngyāng dǎngxiào bóshì xuéwèi lùnwén, 2006 nián, dì 134—148 yè.*

7 Zhōu Xiǎochuān: “Guānyú gǎigé guójì huòbì tìxì de sīkǎo”, *zhōngguó rénmíng yínháng wǎngzhàn, access mode: http://www.pbc.gov.cn/publish/hanglingdao/2950/2010/20100914193904097315048/20100914193900497315048_.html, 2009年3月23日.*

8 Cānjiàn huò kǎn, *chén lìxióng: “Yà tóuxíng jiàn jìn”, “xīn shìjì”, 2014 nián dì 16 qī, access mode: http://magazine.caixin.com/2014-04-25/100670577.html, 2014年4月28日.*

9 Jiāng Duānpíng: *Shìjiè bǎinián biànjú yǔ zhōngguó jīngjì wàijiāo // access mode: https://www.chinathinktanks.org.cn/content/detail?id=es8zu586. – 06.02.2021*

10 Matt Ferchen. *Qianxi Zhongguode “xinjingjiwaijiaofanglue” // access mode: https://carnegieendowment.org/2016/03/08/zh-pub-63580*

SRSTI 11.25.91

<https://doi.org/10.51889/2021-4.1728-8940.11>

G.R.Absattarov*

Kazakh Ablai Khan University of International Relations and World Languages, Almaty, Kazakhstan

RELATIVE UNITY AND DIFFERENCES OF LEGAL AND MORAL NORMS IN KAZAKH SOCIETY: POLITICAL THEORY ASPECTS

Annotation

The article discusses issues of relative unity and difference of legal and moral norms in Kazakh society that have not yet been studied in social and political science. The article examines in more detail the political and moral aspects: the difference of the legal and moral norms of Kazakh society; the relative unity of Kazakh law and morality of the people of Kazakhstan and others. The article states that the relative unity of legal and moral norms in Kazakh society is reflected primarily in the difference of the created ways, the forms of their existence and their guarantees. The rules of law are contained in the legislation, presidential decrees, decrees, statutes, orders and other acts of the organs of the Kazakh State, and the rules of morality are contained in the public conscience. Moral norms are transmitted from generation to generation in the